



TeploStandart[®]

Су жылытатын қазан
Котёл водогрейный

- Kurgan KC-T 100 Grand
- Kurgan KC-T 200 Grand




ОРНАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША
ПАСПОРТ ЖӘНЕ НҰСҚАУЛЫҚ


ПАСПОРТ И РУКОВОДСТВО
ПО УСТАНОВКЕ И ЭКСПЛУАТАЦИИ

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
Республика Казахстан, г. Талдықорған

www.kotlykurgan.kz


«ТерлоStandart» қазақстандық қазан зауытының «Kurgan» қазанын сатып алғаныңыз үшін алғыс айтамыз. Осы пайдаланушының нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Онда қазанды қауіпсіз орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулар бар. Болашақта пайдалану үшін оны сақтаңыз.


 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ МҰҚИЯТ ТАНЫСҚАННАН КЕЙІН ҚАЗАНДЫ ОРНАТУ МЕН ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА КІРІСІҢІЗ.

 Осы паспорттың тиісті бөлімдерін сауда, монтаж және қызмет көрсету ұйымдарымен толтыруды талап етіңіз. Егер сауда ұйымы сатып алу туралы куәлікті толтырмаған жағдайда, кепілдік жабдық жасалған сәттен бастап есептеледі.

KZ
RU

Благодарим вас за покупку котла «Kurgan» казахстанского котельного завода «ТерлоStandart». Пожалуйста, внимательно прочитайте это руководство пользователя. В нём содержатся инструкции по безопасной установке, эксплуатации и обслуживанию котла. Сохраните его, чтобы использовать в будущем

 **ВНИМАНИЕ!** ПРИСТУПАЙТЕ К УСТАНОВКЕ КОТЛА И ЕГО ЭКСПЛУАТАЦИИ ТОЛЬКО ПОСЛЕ ТОГО, КАК ВНИМАТЕЛЬНО ОЗНАКОМИТЕСЬ С ЭТИМ РУКОВОДСТВОМ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ.

 **Обязательно** требуйте заполнения соответствующих разделов этого паспорта торговыми, монтажными и сервисными организациями. В случае, если торговая организация не заполнит свидетельство о покупке, гарантия исчисляется с момента изготовления оборудования.

Мазмұны

1.	Кіріспе	3
2.	Өнімнің қолданылуы	3
3.	Техникалық сипаттамалары	4
4.	Сипаттама	5
5.	Қазанды монтаждау	6
6.	Түтін құбырын монтаждау	9
7.	Қазанды жұмысқа дайындау	10
8.	Қазанды қыздыру	11
9.	Күлді шайқау	12
10.	Қазанды шұғыл тоқтату	12
11.	Отынның сапасына талаптар	13
12.	Қауіпсіздік шаралары	14
13.	Техникалық қызмет көрсету	16
14.	Тасымалдау	17
15.	Өндірушінің кепілдіктері	18
16.	Жиынтықтау	20
17.	Қабылдап алу туралы куәлік	21
18.	Қосылу туралы белгі	21
	Кепілдік талоны	23

KZ

RU

Содержание

1.	Введение	3
2.	Назначение изделия	3
3.	Технические характеристики	4
4.	Описание	5
5.	Монтаж котла	6
6.	Монтаж дымовой трубы	9
7.	Подготовка котла к работе	10
8.	Растопка котла	11
9.	Встряска золы	12
10.	Экстренная остановка котла	12
11.	Требования к качеству топлива	13
12.	Меры безопасности	14
13.	Техническое обслуживание	16
14.	Транспортировка	17
15.	Гарантии изготовителя	18
16.	Комплектация	20
17.	Свидетельство о приёмке	21
18.	Отметка о подключении	21
	Гарантийный талон	23

1. КІРІСПЕ

Осы пайдалану нұсқаулығы пайдаланушы қазанның құрылысымен, оның техникалық сипаттамаларымен, монтаждау және пайдалану нұсқауларымен танысу үшін қажет.

Су жылыту қазандарын монтаждау, іске қосу және пайдалану кезінде келесі құжаттаманы пайдалануыңыз керек:

- а) іргетас тапсырмасымен, электр сызбаларымен, қазан паспортымен;
- б) қазандық жобасына сәйкес сатып алынатын және жинақтаушы өнімдерге, сондай-ақ қосалқы жабдыққа пайдалану құжаттамасымен;
- в) «Электр қондырғыларын орнату қағидаларымен» (ЭҚҚ);
- г) «Жылу энергия қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларымен».

Қазандарды жетілдіру жұмыстары жалғасуда, сондықтан сатып алынған қазан осы нұсқаулықта сипатталғандардан кейбір құрылымдық айырмашылықтарға ие болуы мүмкін.

2. ӨНІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Kurgan KC-T 100 Grand және KC-T 200 Grand – бұл қатты отынмен жұмыс істейтін және кезкелген мақсаттағы өнеркәсіптік нысандарды жылумен жабдықтау үшін стационарлық қазандықтарда да, модульдік тасымалданатын қазандық қондырғыларында да жылытуға болатын су жылытатын қазандары. Қазандар МЕМСТ 30735- 2001 талаптарына сәйкес жасалады.

Қазанның жұмыс істеу қағидасы, ол жылыту жүйесінде айналатын жылу тасымалдағышқа (суға) оттықта жанатын отынның жылуын береді.

KZ
RU

1. ВВЕДЕНИЕ

Данное руководство по эксплуатации нужно для того, чтобы пользователь ознакомился с конструкцией котла, с его техническими характеристиками, указаниями по монтажу и эксплуатации.

При монтаже, запуске и эксплуатации водогрейных котлов нужно пользоваться следующей документацией:

- а) заданием на фундамент, электрическими схемами, паспортом на котёл;
- б) эксплуатационной документацией на покупные и комплектующие изделия, а также на вспомогательное оборудование согласно проекта котельной;
- в) «Правилами устройства электроустановок» (ПУЭ);
- г) «Правилами технической эксплуатации тепловых энергоустановок».

Работы по усовершенствованию котлов продолжаются, поэтому приобретённый котёл может иметь некоторые конструктивные отличия от тех, что описаны в этом руководстве по эксплуатации.

2. НАЗНАЧЕНИЕ ИЗДЕЛИЯ

Kurgan KC-T 100 Grand и KC-T 200 Grand - это водогрейные котлы, которые работают на твёрдом топливе и могут использоваться для отопления как в стационарных котельных, так и в модульных транспортабельных котельных установках по теплоснабжению промышленных объектов любого назначения. Котлы изготавливаются в соответствии с требованиями ГОСТ 30735- 2001.

Принцип работы котла в том, что он передаёт тепло сжигаемого в топке топлива теплоносителю (воде), циркулирующему в системе отопления.

3. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ / 3. ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

1 сызба / Таблица 1

Көрсеткіш Показатель	Қазанының моделі / Модель котла	
	КС-Т 100 Grand	КС-Т 200 Grand
Жылу өнімділігі, кВт Теплопроизводительность, кВт	100	200
Жылытылатын жайдың ауданы, м ² Площадь отапливаемого помещения, м ²	1000	2000
Жылытылатын жайдың көлемі, м ³ Объём отапливаемого помещения, м ³	3000	6000
Бекіту құбырларының диаметрі, Ду Диаметр присоединительных патрубков, Ду	100	100
Температура режимі, °С Температурный режим, °С	65-95	65-95
Жылыту жүйесіндегі максималды қысым, Бар. Максимальное давление в системе отопления, Бар.	3	3
Отын түрі Вид топлива	көмір / уголь	көмір / уголь
Қазанда жылу тасығыштың көлемі, л Объём теплоносителя в котле, л	250	420
Отынның толық жүктелу көлемі, л Объём полной загрузки топливом, л	170	215
Мұржаның диаметрі, мм Диаметр дымохода, мм	219	273
Мұржаның ұсынылатын биіктігі кемінде, м Рекомендуемая высота дымохода не менее, м	6	6
Салмағы, кг Вес, кг	630	950
Биіктігі, мм Высота, мм	2050	2310
Ені, мм Ширина, мм	950	1100
Тереңдігі, мм Глубина, мм	1220	1350

4. СИПАТТАМА

«Kurgan» су жылытатын қазан – бұл дәнекерленген құрылым, ол болат құбырлардан жасалған отқа төзімді жүйеден және алынбалы панельдермен қапталған жылу оқшаулағыш материалдары бар жақтаудан тұрады. Құрылымдық жағынан, қазан екі бөліктен тұрады: қазан корпусы және жылжымалы шойын торлары бар күл жәшігінен.

Қазанның ортасында тік цилиндр - отын тиеуге арналған бункер орналасқан. Отын бункері тығыз қақпақпен жабылады. Тығыздау үшін ыстыққа төзімді материалдар қолданылады: асбест тығыздағыш сым немесе шыны талшықты сым, бұл ауаның сорылуына жол бермейді. Отын жоғарыдан беріледі. Қазанды жағу кезінде бункер 1/4 толтырылады, ал жанған қазанда толық бункер жүктеледі. Көмір жанған кезде желтартқыш торға төгіледі. Отынның жану процесінде пайда болатын ыстық газдар жылу алмастырғыш арқылы өтіп, қазанның жоғарғы жағындағы мұржадан шығады.

Қазанның жоғарғы артқы жағында жылу тасығышты беру келтеқұбыры, ал төменгі бөлігінде кері келтеқұбыр орналасқан. Беру келтеқұбырында қауіпсіздік клапанын бекіту үшін бұранда орнатылған. Кері келтеқұбырында жылу тасымалдағышты қазаннан ағызу үшін бұранда орнатылған.

Қазан жылжымалы желтартқыш механизмі іске асырылатын күл жәшігіне орнатылады. Күл жәшігінің алдыңғы жағында күлді жоюға арналған есік бар. Күл жәшігінің шетінде жану қарқындылығы реттелетін үрлеу желдеткішін қосу үшін құбыр орнатылған. Қазанды басқару үшін қажетті температураға жеткенде үрлеу желдеткішін автоматты түрде өшіретін және температура төмендеген кезде оны қосатын қашықтағы сенсорлармен жұмыс істеу бақылағышын орнатуға болады. **Үрлеу желдеткіші мен қазанның жұмыс бақылағышы жеткізілім жиынтығына кірмейді және бөлек сатып алынады.**

Қазанды көтеру үшін оның жоғарғы бөлігінде екі бекіту ілмегі бар.

KZ
RU

4. ОПИСАНИЕ

Водогрейный котёл «Kurgan» - это сварная конструкция, которая состоит из жаротрубной системы из стальных труб и каркаса с теплоизоляционными материалами, обшитого съёмными панелями. Конструктивно котёл состоит из двух частей: корпуса котла и зольного ящика с подвижными чугунными колосниками.

В центре котла расположен вертикальный цилиндр – бункер для загрузки топлива. Топливный бункер плотно закрывается крышкой. Для уплотнения используются термостойкие материалы: асбестовый уплотнительный шнур либо стекловолокнистый шнур, что предотвращает подсос воздуха. Топливо подаётся сверху. При растопке котла бункер заполняется на 1/4, а при растопленном котле загружается полный бункер. По мере прогорания уголь просыпается на колосниковые решётки. Горячие газы, которые получаются в процессе сгорания топлива, проходят через теплообменник и выходят через дымоход в верхней части котла.


В верхней задней части котла расположен патрубок подачи теплоносителя, а в нижней части - обратный патрубок. На подающем патрубке установлена резьба для присоединения предохранительного клапана. На обратном патрубке установлена резьба для слива теплоносителя из котла.

Котёл устанавливается на зольный ящик, в котором реализован механизм подвижных колосников. На передней стороне зольного ящика установлена дверца для удаления золы. На боковой стенке зольного ящика установлен воздухопровод для подключения вентилятора наддува, с помощью которого регулируется интенсивность горения.

Для управления котлом можно установить контроллер работы с выносными датчиками, который автоматически выключает вентилятор наддува при достижении необходимой температуры и включает его, когда температура снижается. **Вентилятор наддува и контроллер работы котла не входят в комплект поставки и приобретаются отдельно.**

Для подъёма котла предусмотрены две монтажные петли в его верхней части.

1 сурет. Қазанның схемалық бейнесі / **Рисунок 1.** Схематическое изображение котла



- 1 - жылжымалы желтартқыш тор / подвижные колосниковые решетки
- 2 - күл жәшігінің есігі / дверца зольного ящика
- 3 - күл жәшігінің корпусы / корпус зольного ящика
- 4 - жылжымалы тор иінірегі / рычаг подвижных колосников
- 5 - түтін құбырлары / дымогарные трубы
- 6 - қазан / котёл
- 7 - отын бункерінің қақпағы / крышка топливного бункера
- 8 - бекіту ілмектері / монтажные петли
- 9 - түтіндік / дымоход
- 10 - беру келтеқұбыры / патрубок подачи
- 11 - отын бункері / топливный бункер
- 12 - кері келтеқұбыр / обратный патрубок
- 13 - желдеткішті қосуға арналған ауа өткізгіш (опция) / воздухопровод для подключения вентилятора (опция)

5. ҚАЗАНДЫ МОНТАЖДАУ

«Kurgan» бірнеше қазандарының негізінде қазанды немесе қазандықты монтаждауды жылыту жүйелерін монтаждау тәжірибесі және осы қызмет түріне лицензиясы бар мамандандырылған монтаждау ұйымы жүзеге асыруы тиіс.

Қазанды монтаждау жанатын материалдардан қауіпсіз қашықтықта орындалады: күл жәшігінің қабырғаларынан кемінде 500 мм. Қазанның жоғарғы жағы мен төбенің арасында кемінде 1200 мм болуы керек.

Қазан 2 тоннаға дейінгі жүктемеге есептелген биіктігі 200-300 мм темірбетон іргетасқа орнатылады. Іргетастың беті тегіс және мүлдем көлденең болуы керек. Күл жәшігі іргетасқа одан қазандық бөлмесінің артқы қабырғасына дейінгі қашықтық кемінде 1 м болатындай етіп орнатылады. Ал оның есігі қазанға қызмет көрсетуге ыңғайлы болатындай етіп орналастырылуы керек.

KZ

RU


5. МОНТАЖ КОТЛА

Монтаж котла или котельной на базе нескольких котлов «Kurgan» должна осуществлять специализированная монтажная организация, у которой есть опыт монтажа отопительных систем и лицензия на данный вид деятельности.

Монтаж котла выполняется на безопасном расстоянии от возгораемых материалов: не менее 500 мм от стенок зольного ящика. Между верхом котла и потолком должно быть не менее 1200 мм.

Котёл устанавливается на железобетонный фундамент высотой 200-300 мм, рассчитанный на нагрузку до 2 тонн. Поверхность фундамента должна быть ровной и абсолютно горизонтальной. Зольный ящик устанавливается на фундамент таким образом, чтобы расстояние от него до задней стены помещения котельной было не менее 1 м. А его дверца при этом должна быть расположена так, чтобы котёл было удобно обслуживать.

2 Сурет. Қазандықта қазанның орналасуы / Рисунок 2. Расположение котла в котельной



Қазан жәшіктің отырғызу сақинасының ортасында орналасқан күл жәшігіне орнатылады. Олардың қосылу орны ауа сорып алмау үшін талшықтас баумен қымталады және тығыздалады.

Қазанның шетіне техникалық қызмет көрсету үшін алаң орнатылады (**жеткізілім жиынтығына кірмейді**).

Қазанның беру және кері келте құбырларында шар клапандары немесе ысырмалар орнатылады, олар арқылы қазан жылыту жүйесіне қосылады. Бір қазандықта бірнеше қазандарды орнатқан кезде қазандарды жылыту жүйесімен қосу қазандар мен қазанның артқы қабырғасы арасында орнатылған беру және кері «тарақтар» арқылы жүзеге асырылады.

Қазанның шетінде жұмыс бақылағышы орнатылады. Күл жәшігінің шетінде арнайы ауа өткізгішке үрлеу желдеткіші орнатылады.

KZ
RU

Котёл устанавливается на выставленный зольный ящик по центру посадочного кольца ящика. Место их соединения герметизируется и уплотняется шнуровым асбестом, чтобы избежать подсоса воздуха. Сбоку от котла устанавливается площадка для обслуживания (**в комплект поставки не входит**).

На подающем и обратном патрубках котла устанавливаются шаровые краны или задвижки, через которые котёл соединяется с системой отопления. При установке нескольких котлов в одной котельной соединение котлов с системой отопления производится через подающую и обратную «гребёнки», монтируемые между котлами и задней стеной котельной.

На боковой стенке котла устанавливается контроллер работы. На боковой стенке зольного ящика на специальный воздуховод устанавливается вентилятор надува.

Басқару бергіші жылу жүйесіне қосылады және бақылағыш қуат береді. **Бақылағыш пен желдеткіш жеткізілімге кірмейді және бөлек сатып алынады.** Қазанның бақылағышын қосу және баптау бақылағышқа арналған нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес жасалуы керек.


Қазанның тиімді жұмысы үшін жану аймағына тұрақты ауа ағыны қажет. Сондықтан, қазан «түншығып» қалмас үшін және максималды қуатты дамыта алатындай, жабық қазандықтарда желдеткіш саңылаулар қарастырылу керек, олар арқылы оттегінің жеткілікті мөлшері жеткізіледі.

KZ
RU

Контрольные датчики подключаются к системе отопления, и на контроллер подводится питание. **Контроллер и вентилятор не входят в комплект поставки и приобретаются отдельно.** Подключение и настройку контроллера котла нужно производить в соответствии с требованиями, указанными в руководстве к контроллеру.

Для эффективной работы котла в зону горения требуется постоянный приток воздуха. Поэтому, чтобы котёл не «задохнулся» и был способен развивать максимальную мощность, в закрытых котельных необходимо предусмотреть вентиляционные отверстия, через которые будет поступать достаточное количество кислорода.

3 Сурет. Ашық жылыту жүйесінде қазанды пайдалану схемасы /
Рисунок 3. Схема использования котла в открытой системе отопления




1 - қазан, 2 - айналым сорғысы, 3 - жылу жүйесінің радиаторлары, 4 - кері құбыр желісі, 5 - қысым құбыр желісі, 6 - қорғауыш қақпақша, 7 - асу құбыры, 8 - кеңейткіш бак, 9 - шарлы шүмек, 10 - лайұстар-сүзгіш

KZ
RU

1 - котёл, 2 - циркуляционный насос, 3 - радиаторы системы отопления, 4 - обратный трубопровод, 5 - напорный трубопровод, 6 - предохранительный клапан, 7 - труба перелива, 8 - расширительный бак, 9 - кран шаровый, 10 - фильтр-грязевик

4 Сурет. Жабық жылыту жүйесінде қазанды пайдалану схемасы / **Рисунок 4.** Схема использования котла в закрытой системе отопления




1 - қазан, 2 - кеңейткіш бак (жарғақтық), 3 - жылу жүйесінің радиаторлары, 4 - кері құбыр желісі, 5 - қысым құбыр желісі, 6 - лайұстар-сүзгіш, 7 - ауа қашырғысы клапаны, 8 - шарлы шүмек, 9 - айналым сорғысы

KZ
RU

1 - котёл, 2 - расширительный бак (мембранный), 3 - радиаторы системы отопления, 4 - обратный трубопровод, 5 - напорный трубопровод, 6 - фильтр-грязевик, 7 - клапан сброса воздуха, 8 - кран шаровый, 9 - циркуляционный насос

6. ТҮТІН ҚҰБЫРЫН МОНТАЖДАУ 6. МОНТАЖ ДЫМОВОЙ ТРУБЫ

5 Сурет. Түтіндікті орнату схемасы / **Рисунок 5.** Схема установки дымохода



Түтін құбырынан жанатын құрылымдарға дейінгі қашықтық кемінде 500 мм болуы керек. Құбырды тазартуға арналған люгі бар тік түтін мұржасы (түтін мұржасы) әдетте қазан мен қазандықтың артқы қабырғасының арасына орнатылады. Құбыр қалыңдығы кемінде 5 мм қаңылтыр болаттан жасалуы керек.

Түтін құбырының биіктігі кемінде 6000 мм болуы керек (қазанның қосылу деңгейінен түтін құбырының басының жоғарғы жағына дейін), ал құбырдың төбеден шығатын бөлігі кемінде 500 мм болуы керек.

Екі немесе үш қазанды бір мұржаға жалғаған кезде оның диаметрі есептеу жолымен анықталады, бұл ретте үлкен диаметрлі газ жинағыш міндетті болып табылады.

Түтін мұржасы қазанның мұржасына кем дегенде 45 градус бұрышпен кесіледі. Бұл ретте қазан мұржасымен салыстырғанда түтін құбырының диаметрін төмендетуге жол берілмейді.

Түтін құбырын деңгей бойынша арнайы төселген алаңда нөлдік белгіде жинау керек. Ауаны саңылаулық тартуды болдырмау үшін барлық түйістерді дәнекерлеу керек. Содан, жүк көтеру механизмінің көмегімен құбыр тігінен көтеріліп, ғимарат қабырғасына мұқият бекітіледі. Егер қабырға болмаса немесе басқа себептермен құбыр созылуға бекітіледі.

7. ҚАЗАНДЫ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

Қазанды қыздыруға дайындау процесінде:

- қазанды тексеру, оның зақымдануы және бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізу;
- гарнитураның дұрыстығына көз жеткізу (есіктер, жылжымалы желтартқыш механизмі);
- қазанды сумен толтыру, бұл ретте бекіту арматурасының жарамдылығына және дұрыс орналасуына көз жеткізіп, ауа шығару үшін ауа шүмегін немесе сақтандырғыш клапанды ашу;
- бақылау-өлшеу аспаптарының, үрлеу желдеткішінің (егер ол орнатылған болса) жарамдылығын, сондай-ақ табиғи тартудың болуын тексеру қажет.

KZ

RU

Расстояние от дымовой трубы до сгораемых конструкций должно быть не менее 500 мм. Вертикальный дымоход (дымовая труба) с люком для прочистки трубы обычно монтируется между котлом и задней стеной котельной. Труба должна быть изготовлена из листовой стали толщиной не менее 5 мм.

Высота дымовой трубы должна быть не менее 6000 мм (от уровня присоединения котла до верха оголовки дымовой трубы), а выступающая над крышей часть трубы должна быть не менее 500 мм.

При соединении двух или трёх котлов в один дымоход, его диаметр определяется расчётным путём, при этом обязателен газосборник большего диаметра.

Дымовая труба врезается в дымоход котла под углом не менее 45 градусов. При этом не допускается снижение диаметра дымовой трубы по сравнению с дымоходом котла.

Дымовую трубу следует собирать на нулевой отметке на специально выложенной по уровню площадке. Все стыки нужно проварить, чтобы избежать подсоса воздуха. Затем, с помощью грузоподъёмного механизма, труба поднимается вертикально и тщательно крепится к стене здания. Если стены нет или по иным причинам труба крепится на растяжки.

7. ПОДГОТОВКА КОТЛА К РАБОТЕ

В процессе подготовки котла к растопке необходимо:

- осмотреть котёл, убедиться в отсутствии в нём повреждений и посторонних предметов;
- убедиться в исправности гарнитуры (дверей, механизма подвижных колосников);
- заполнить котёл водой, убедиться при этом в исправности и правильном положении запорной арматуры, открыть воздушный кран или предохранительный клапан для выпуска воздуха;
- проверить исправность контрольно-измерительных приборов, вентилятора наддува (если он установлен), а также наличие естественной тяги.

Қазанды біртіндеп сумен толтыру керек. Судың температурасы 50С төмен болмауы керек. Жұмыс басталғанға дейін әрбір қазан сыртқы және ішкі тексеруден және 20 минуттық қысыммен гидравликалық сынақтан тұратын техникалық куәландырудан өтуі тиіс. Сынақ қысымының мәні 3 бар-ға тең болуы керек. Анықталған ақауларды дереу жою керек. Қазанды жемірілуінен қорғау үшін қазанның кіреберісіндегі судың температурасы кем дегенде 60°С болатындай етіп желілік судың қайта айналымды желісін орнату ұсынылады.

8. ҚАЗАНДЫ ҚЫЗДЫРУ

Қазанды келесі ретпен қыздыру керек:

1. Жылжымалы торлардың тұтқаларын тік күйде орнатыңыз және жақша түрінде арнайы тығынмен бекітіңіз. Жылжымалы желтартқыштың тұтқаларын тік күйде орнатыңыз және жақша түрінде арнайы тоқтатқышпен бекітіңіз.
2. Отын бункерінің қақпағын ашып, мыжылған қағазды желтартқыш торға салыңыз, тамызықты шамамен 50 мм қабатпен жүктеңіз.
3. Құрғақ отынды тамызыққа салыңыз, ұзындығы отын бункерінің диаметрінен аспау керек, шамамен 100 мм қабатында.
4. Отынға сортты көмірді (фракциясы 25-70 мм), шамамен 30-35 кг салыңыз. Тиеу бункерінің қақпағын мықтап жабыңыз.
5. Күл жәшігінің есігін ашыңыз, желтартқыштың астына мыжылған қағаз салыңыз, қағаздың үстіне отын салыңыз (2-3 дана) және қағазды отқа қойыңыз.
6. Пештегі көмір жанғаннан кейін, толық отын бункерін жүктеңіз және бункердің қақпағын мықтап жабыңыз.

Күл жәшігінің есігін ашып және жауып жанудың қарқындылығын реттеу керек. Қазанға жұмыс бақылағышы мен үрлеу желдеткіші орнатылған кезде, жанудың қарқындылығын бақылағыш реттейді. Ол үшін оны қажетті температура мен желдеткіштің қарқындылығын бағдарламалау қажет.

KZ
RU

Заполнять котёл водой нужно постепенно. Температура воды должна быть не ниже 5°С. До начала работы каждый котёл должен подвергаться техническому освидетельствованию, состоящему из наружного и внутреннего осмотра и гидравлического испытания давлением с выдержкой в 20 минут. Значение пробного давления должно быть равным 3 бар. Выявленные дефекты нужно немедленно устранить. Чтобы защитить котёл от коррозии, рекомендуется устанавливать рециркуляционную линию сетевой воды для того, чтобы температура воды на входе в котёл была не менее 60°С.

8. РАСТОПКА КОТЛА

Растапливать котёл нужно следующим образом:

1. Рычаги подвижных колосников установить в вертикальном положении и зафиксировать специальным стопором в форме скобки.
2. Открыть крышку топливного бункера, загрузить на колосниковую решетку скомканную бумагу, загрузить щепку слоем приблизительно 50 мм.
3. На щепку загрузить сухие дрова, по длине не больше диаметра топливного бункера, слоем приблизительно 100 мм.
4. На дрова загрузить сортовой уголь (фракцией 25-70 мм), приблизительно 30-35 кг. Плотнo закрыть крышку загрузочного бункера.
5. Открыть дверцу зольного ящика, под колосники положить немного скомканной бумаги, на бумагу положить немного дров (2-3 штуки) и поджечь бумагу.
6. После того как уголь в топке разгорится, загрузить полный топливный бункер и плотно закрыть крышку бункера.

Интенсивность горения нужно регулировать, приоткрывая и закрывая дверцу зольного ящика. При установленных на котёл контроллере работы и вентиляторе наддува, интенсивность горения регулирует контроллер. Для этого нужно запрограммировать его на необходимую температуру и интенсивность работы вентилятора.

9. КҮЛДІ ШАЙҚАУ

Қазанның жұмыс барысында желтартқышта біртіндеп қож қабаты артады, және тиімді жану үшін тартым жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда желтартқышты шайқау керек.

Күлді шайқау үшін, жылжымалы желтартқыштың иінірегінен екі қолыңызбен ұстап, оларды бір жағынан екінші жағына (шамамен 4-5 рет) айналдырамыз, бастапқы тік күйіне қою керек. Содан кейін күлді қалақпен немесе күрекпен күлдіктің есігі арқылы үйіндіге күлді шығарыңыз. Кейін бункерді көмірмен толтыру керек, өйткені шайқау кезінде күл күлдікке төгіледі, ал бункердегі көмірдің жаңа бөлігі желтартқыш торға төгіледі.

Жылжымалы торлар механизмінің құрылымы қазанның жұмысын тоқтатпай олардың жиналу шарасы бойынша тау жынысы мен күлдің үлкен бөліктерін тазартуға мүмкіндік береді. Ол үшін иініректі алдымен желтартқыш тордың жартысына бұрып бастапқы қалпына келтіру керек, содан кейін көмір толтырылғаннан кейін тұрақты түрде жанған кезде, тордың екінші жартысын тазалаңыз.

10. ҚАЗАНДЫ ШҰҒЫЛ ТОҚТАТУ

Жеткізу құбырындағы жылу тасығыштың температурасы 950С максималды мәнге жетіп және көтерілуді жалғастырған жағдайда қазанды шұғыл тоқтату жүргізілуі керек. Бұл жүйеде су жеткіліксіз болған кезде, ауа тығыны болған кезде, сорғыштар тоқтаған кезде, жылу тасығыштың айналымы болмаған кезде және т.б. пайда болады.

Қазанды шұғыл тоқтату кезінде өрттің және күйіктің алдын алу үшін қазандық өрт сөндіру құралдарымен (құм, су, өрт сөндіргіштер және т.б.) жабдықталуы керек, ал қызметкерлер үстіңгі жағы жабық қатты табаны бар аяқ киім киюі керек.

KZ

RU

9. ВСТРЯСКА ЗОЛЫ

В процессе работы котла на колосниках постепенно увеличивается слой шлака, и тяга становится недостаточно для эффективного горения. В этом случае нужно встряхивать колосники.

Чтобы встряхнуть золу, нужно обеими руками взяться за рычаги подвижных колосников, покачать их из стороны в сторону (приблизительно 4-5 раз) и выставить в изначальное вертикальное положение. Затем выгрести золу в отвал через дверцу зольника совком или лопатой.

После нужно дополнить бункер углём, так как во время встряски зола просыпается в зольник, а свежая порция угля из бункера просыпается на колосниковую решётку.

Конструкция механизма подвижных колосников позволяет производить чистку от породы и крупных кусков золы по мере их накопления без остановки работы котла. Для этого необходимо повернуть рычаг сначала одной половины колосниковой решётки и вернуть в исходное положение, а затем, когда уголь после засыпки стабильно разгорится, почистить вторую половину решётки.

10. ЭКСТРЕННАЯ ОСТАНОВКА КОТЛА

Экстренную остановку котла нужно производить в случае, когда температура теплоносителя на подающем трубопроводе достигает максимального значения в 950С и продолжает подниматься. Это может произойти, когда в системе недостаточно воды, образовалась воздушная пробка, остановились насосы, нет циркуляции теплоносителя и т.д.

Чтобы не допустить пожара и получения ожогов во время экстренной остановки котла, котельная должна быть укомплектована средствами пожаротушения (песок, вода, огнетушители и т.д.), а персонал должен быть обут в обувь на твёрдой подошве с закрытым верхом.

Қазанды келесідей шұғыл тоқтатуға болады:

1. Күлдің есігін мықтап жабыңыз.
2. Үрлеу желдеткішін өшіріңіз (егер ол орнатылған болса).
3. Желтартқыш тордың иінтірегін алып тастап, тұтқа-бекіткішті алып және иінтіректі 95 градусқа бұраңыз. Жалынды көмір күлдікке түседі және сөнеді.
4. Күлдіктен көмір мен күлді күрекпен алып тастау, жақсысы арнайы жәшіктерге салып, оны сумен сөндірген жөн.

Жылыту жүйесіндегі ақауларды жойғаннан кейін қазанды қайтадан қыздыру керек.

11. ОТЫННЫҢ САПАСЫНА ТАЛАПТАР

Қазанның қызмет ету мерзімін ұзарту және жылыту шығындарын азайту үшін сапа сертификатына сәйкес келетін отынды пайдалану керек. Сапалы отынның калориясы әлдеқайда жоғары болады, ал ылғалдылық төмен болады.

Ылғалды көмірді немесе қармен көмірді жағу кезінде қазанның тиімділігі төмендейді, сондықтан отын қорын шатырдың астында немесе жабық қоймада сақтау ұсынылады.

Қазан Ж (жұтаң) және АЖ (аз жентектелетін) маркалы көмірде, сондай-ақ ұшпа заттардың аз шығымдылығы басқа маркалармен үнемді, тұрақты және нық жұмыс істейді. Көмірдің үлкен фракциясының мөлшері 150-180 мм-ге дейін шектеледі, шаң және ұсақ көмір ұнтақтары қазанға тиелген отын көлемінің 10%-дан аспауы керек.

